

## Жосалы кентінің көшелеріне атау беру туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті әкімінің 2016 жылғы 02 қыркүйектегі № 334 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте № 5606 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 2 қорытындысына сәйкес Қармақшы ауданы Жосалы кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қармақшы ауданы Жосалы кентінің келесі көшелеріне:
  - 1) "Мөлтек - 2" көшесіне Келмембет батыр есімі;
  - 2) "Жастар - 5" көшесіне Мұқамбетқали Шыңғысовтың есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау кент әкімінің орынбасары А.Қойшыбаевқа жүктелсін.
3. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жосалы кентінің әкімі*

*А. Мерекөв*